

Облыстық Мәслихаттың 14.01.99 ж. XXV сессиясының "1999 жылға арналған облыстық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қарағанды облыстық Мәслихатының шешімі XXVI сессиясының 1999 жылғы 29 сәуірдегі N 9. Қарағанды облыстық әділет басқармасында 1999 жылғы 9 маусымда N 28 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1.04.99 ж. N 357-І ҚРЗ Z990357_ "Бюджет жүйесі туралы", 1.04.99 ж. N 359-І ҚРЗ Z990359_ "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", 10.12.93 ж. "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің 24.04.95 ж. N 2235 Z952235_ "Салық және

бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығына кейінгі өзгерістер мен толықтыруларына сәйкес:

I. Облыстық Мәслихаттың 1999 жылғы 14 қаңтардағы V99K027_ XXV

сессиясының "1999 жылға арналған облыстық бюджет туралы" шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

1. 1-тармақта:

"5931707" цифры "9300774" цифымен ауыстырылсын
"234921" цифры "3151232" цифымен ауыстырылсын
"707700" цифры "1686559" цифымен ауыстырылсын
"6605296" цифры "13876727" цифымен ауыстырылсын
"269032" цифры "261838" цифымен ауыстырылсын.

<*>

Ескерту. 1-тармақ өзгертіліп, толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының XXVII сессиясының 1999 ж. 22.07 N 6 шешімімен.

V99K037_

2. 2, 3-тармақтар алынып тасталсын.

3. Мынадай мазмұндағы 2-1, 3-1, 3-2 тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Облыстық бюджеттің кірістері Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" Заңына сәйкес заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы, әлеуметтік салық, акциздер, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын лицензиялық алым, коммуналдық меншік мүлкін жалға беруден түсетін түсімдер, әкімшілік айыппұлдар мен санкциялар, коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіруден түсетін түсімдер, қалалар мен аудандардың бюджеттеріне облыстық бюджеттен бұрын бөлінген кредиттер (несиелер) бойынша негізгі қарызды өтеуден түсетін түсімдер есебінен, сондай-ақ мынадай салыққа жатпайтын түсімдер:

- мұрагерлік құқығы бойынша әкімшілік-аумақтық бірлікке өткен мүлікті, ұлттық валютадағы көмбелерді және олжаларды сатудан алынатын түсімдер;
- табиғат қорғау заңын бұзғаны үшін айыппұлдар (50% мөлшерінде);
- басқа да санкциялар мен айыппұлдар;
- Заң актілерінде көзделген басқа да салыққа жатпайтын түсімдер;
- қарыздардан түсетін түсімдер есебінен қалыптасады деп белгіленсін.

3-1. Облыстық, қалалық және аудандық бюджеттерден және халықтың жұмыс істемейтін бөлігіне медициналық қызмет көрсетушілер алдында ММСҚ-нан қаржыландырылатын бұрынғы бюджеттік ұйымдардың 1998 жылдың 31 желтоқсанына дейін 3000000 мың теңге мөлшеріндегі кредиторлық қарыздары шаруашылық субъектілерінің 1998 жылдың 31 желтоқсанына дейін есеп айырысу сәтіне облыстық, аудандық және қалалық бюджеттерге өтелмеген төлемдері бойынша қарыздарын өтеу есебінен көзделсін.

Облыс әкімі көрсетілген кредиторлық қарызды өтеу тәртібін жасасын.

3-2. Салық органдары мен Қазынашылық органдарына облыстың шаруашылық субъектілерінің бюджетке төлемдері бойынша есепке жататын борыштарын облыстық бюджеттің өз кірісіне жатқызуды қамтамасыз ету міндеттелсін."

4. 4-тармақта "21%" цифры "50%" цифрына ауыстырылсын.

5. 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1999 жылға салықтардың, алымдардың және басқа да бюджетке міндетті төлемдердің, салыққа жатпайтын және басқа төлемдердің аудандар мен қалалардың бюджеттеріне бөлінуі мынадай мөлшерде белгіленсін:

а) заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша:

Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Жаңаарқа, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Ұлытау, Шет аудандары мен Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Қаражал, Приозерск, Саран, Теміртау, Шахтинск қалалары - 20 проценттен;

б) жеке тұлғалардан табыс көзінен ұсталатын табыс салығы бойынша:

Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Жаңаарқа, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Ұлытау, Шет аудандары мен Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Қаражал, Приозерск, Саран, Теміртау, Шахтинск қалалары - 100 проценттен;

в) алкоголь өнімдеріне акциздер бойынша:

Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Жаңаарқа, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Ұлытау, Шет аудандары мен Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Қаражал, Приозерск, Саран, Теміртау, Шахтинск қалалары - 10 проценттен;

г) ойын бизнесіне акциздер бойынша:

Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Жаңаарқа, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Ұлытау, Шет аудандары мен Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Қаражал, Приозерск, Саран, Теміртау, Шахтинск қалалары - 10 проценттен;

д) әлеуметтік салық бойынша:

Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Жаңаарқа, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Ұлытау, Шет аудандары - 50 проценттен, Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Қаражал, Приозерск, Саран, Теміртау, Шахтинск қалалары - 10 проценттен;

е) қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер бойынша:

облыстық бюджет - 50 проценттен;

ж) табиғат қорғау заңын бұзғаны үшін айыппұлдар бойынша:

облыстық бюджет - 50 проценттен."

6. 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1999 жылы аудандар мен қалалардың бюджеттеріне ресми трансферттер 1324914 мың теңге сомасында бөлінсін, оның ішінде:

мың теңге

Бұқар жырау	114821	
Жаңаарқа	87842	
Қарқаралы	332374	
Нұра	94291	
Осакаров	53925	
Ұлытау	23803	
Приозерск қ.	134626	
Саран қ.	369315	
Шахтинск қ.	113917	"

7. Мынадай мазмұндағы 6-1, 6-2 тармақтарымен толықтырылсын:

"6-1. 1999 жылға аудандар мен қалалардың бюджеттерінен облыстық бюджетке бюджеттік алымдар төлемі 3151232 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

	мың теңге
Абай	1854
Ақтоғай	51915
Шет	21292
Балқаш қ.	14592
Жезқазған қ.	733747
Қарағанды қ.	1357139
Қаражал қ.	64097
Теміртау қ.	906596

6-2. Облыстық бюджетке аудандар мен қалалардың бюджеттеріне бюджеттік алулар он күн сайын жүргізіледі деп белгіленсін.

Аудандық, қалалық бюджеттердің кіріс бөлігі орындалмаған жағдайда бюджеттік алу облыстық бюджетке бюджеттік алу көлемі белгіленген осы бюджеттердің кіріс бөлігінің орындалу ықтималдығы процентіне пара-пар мөлшерде жүргізіледі.

Облыстық бюджетке аудандық, қалалық бюджеттерден бюджеттік алулар бойынша жалпы түсім көлемі төмендеген жағдайда облыстық бюджеттен аудандық, қалалық бюджеттерге субвенциялардың жалпы көлемі аудандар мен қалалар бойынша сол сомаға пара-пар мөлшерде азайтылады."

8. 8, 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қоғамдық жұмыстар, жұмыссыздарды кәсіби даярлау және қайыра даярлау, жұмыссыздарды еңбекке орналастыруға көмек көрсету аудандар мен қалалар бюджеттерінің қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

9. Баланың тууына, жұмыс істеген азаматтарды жерлеуге әлеуметтік көмек, балалары бар отбасыларға көмек, тұрмысы төмен отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегі және жұмыссыздарға материалдық көмек аудандар мен қалалардың бюджеттері қаржылары есебінен заңда көзделген тәртіпте және мөлшерде көрсетіледі."

9. 10-тармақта: "300000" цифры "424933" цифрына ауыстырылсын, "154379" цифры "115086" цифрына ауыстырылсын.

10. 11-тармақта: төртінші тармақ мынадай сөздермен толықтырылсын: "оларды 1999 жылдың 1 сәуіріне дейін төлеу ескеріле отырып"; бесінші тармақ мынадай сөздермен толықтырылсын: "оларды 1999 жылдың 1 сәуіріне дейін төлеу ескеріле отырып".

11. 12-тармақ мынадай сөздермен толықтырылсын: "оларды 1999 жылдың 1 сәуіріне дейін төлеу ескеріле отырып".

12. Мынадай мазмұндағы 12-1 тармағымен толықтырылсын:

"12-1. 1999 жылдың 1 сәуірінен ішкі әскерлер әскери қызметшілері мен әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі қызметшілерден басқасына) еңбек еткен жылдарына қарамастан, сондай-ақ ішкі істер органдарының жедел-іздігі, тергеу, саптағы бөлімшелерінің қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі тұрғын үйді ұстап тұруға және коммуналдық қызметке белгілеген тізім бойынша ақшалай өтемақы төлеу облыстық бюджеттің және

аудандар мен қалалар бюджеттерінің есебінен айына 3430 теңге есебінде белгіленсін."

13. 13-тармақ мынадай сөздермен толықтырылсын: "оларды 1999 жылдың 1 сәуіріне дейін төлеу ескеріле отырып".

14. 14, 18 тармақтар алынып тасталсын.

15. Мынадай мазмұндағы 14-1 тармағымен толықтырылсын:

"14-1. Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының медициналық қызмет орталығы "ұстап тұру" қаржыландыру түріндегі мемлекеттік мекемеге жатқызылғандығы ескерілсін."

16. 15-16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. "Жергілікті деңгейде жалпы білім беретін оқу" жергілікті бюджеттік бағдарлама бойынша қаражат мөлшері аудандар мен қалалар бойынша мына сомалардан кем болмауға тиіс деп ескерілсін:

	мың теңге
Абай	243055
Ақтоғай	99693
Балқаш қ.	189600
Бұқар жырау	233633
Жаңаарқа	111953
Жезқазған қ.	340307
Қарағанды қ.	1047438
Қаражал қ.	77354
Қарқаралы	251548
Нұра	165092
Осакаров	176615
Приозерск қ.	20929
Саран қ.	130687
Теміртау қ.	349280
Ұлытау	107058
Шахтинск қ.	146913
Шет	190812

16. Жергілікті денсаулық сақтау бюджеттік бағдарламалары бойынша қаражат мөлшері мына сомалардан кем болмауға тиіс деп ескерілсін:

	мың теңге
Абай	22990
Ақтоғай	7669
Балқаш қ.	107047
Бұқар жырау	4598
Жаңаарқа	3773
Жезқазған қ.	203189
Қарағанды қ.	-
Қаражал қ.	6117
Қарқаралы	6415
Нұра	5914
Осакаров	8227
Приозерск қ.	2000
Саран қ.	19802
Теміртау қ.	189724
Ұлытау	2613
Шахтинск қ.	49737
Шет	6092 "

17. Мынадай мазмұндағы 16-1 тармағымен толықтырылсын:

"16-1. Аудандардың бюджеттерінің құрамында селолық жерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға 1000 теңге мөлшерінде бір мезгілдік ақшалай төлем қаражаты көзделгені ескерілсін."

18. 19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстық бюджеттің шығындары құрамында теміржолдың медициналық кәсіпорындарын қоса медициналық көмектің тегін кепілдік көлемі бойынша және қор ұстау үлгісі бойынша мемлекеттік тапсырысты қаржыландыруға қаражат бөлінгені ескерілсін.

Медициналық көмектің тегін кепілдік көлемі бойынша мемлекеттік тапсырыстың шеңберінде жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі болып медициналық қызмет көлемі жөніндегі орталықтың облыстық бөлімшесі белгіленсін."

19. 22-тармақ алынып тасталсын.

20. Мынадай мазмұндағы 22-1 тармағымен толықтырылсын:

"22-1. Шағын кәсіпкерлікті қолдауға қаржы бөлу көзделмейді."

21. 23 тармақта "100000 мың теңге" цифры "118561 мың теңге" цифрымен ауыстырылсын.

<*>

Ескерту. 21-тармақ өзгертіліп, толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының XXVII сессиясының 1999 ж. 22.07 N 6 шешімімен.

V99K037_

22. Мынадай мазмұндағы 23-1, 23-2 тармақтарымен толықтырылсын.

"23-1. Облыстық бюджетте кредит (несие) беруге 500000 мың теңге көзделсін.

Облыс әкімі, қалалар мен аудандардың әкімдері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте кредит (несие) бөлуді қамтамасыз етсін.

23-2. Жергілікті атқарушы органдардың заңды және жеке тұлғалардан, шетелдік мемлекеттерден қарыздануы Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі деп белгіленсін."

23. 26-тармақ мынадай мазмұндағы мәтінмен толықтырылсын:

"оның ішінде:

Абай - 63294 мың теңге, Балқаш қ. - 45997 мың теңге, Бұқар жырау - 66959 мың теңге, Жаңаарқа - 290695 мың теңге, Жезқазған қ. - 342510 мың теңге, Қарқаралы - 99003 мың теңге, Нұра - 35854 мың теңге, Осакаров - 31388 мың теңге, Саран қ. - 347080 мың теңге, Шахтинск қ. - 104779 мың теңге."

24. Облыстық Мәслихаттың "1999 жылға арналған облыстық бюджет туралы"

шешімінің қосымшасы жаңа редакцияда жазылсын (қоса беріліп отыр).

25. Облыстық қазыналық басқармасы 1999 жылға жергілікті бюджеттердің жекелеген түрлері арасындағы салықтарды, алымдарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, салыққа жатпайтын және басқа түсімдерді бөлуді осы шешіммен бекітілген нормативтер бойынша 1999 жылдың 1

қаңтарынан қамтамасыз етсін.

II. Осы шешім жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Сессияның төрағасы

Облыстық Мәслихаттың

хатшысы

Облыстық Мәслихаттың

29.04.1999 ж.

XXVI сессиясының

№ 9 шешіміне қосымша

<*>

Ескерту. Қосымша өзгертіліп, толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының XXVII сессиясының 1999 ж. 22.07 № 6 шешімімен.

V99K037_

Енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен
бірге 1999 жылға арналған облыстық бюджет

Санат

Сынып	Атауы	1999	1999
Сыныпша		жылдың	жылдың
Ерекшелік		бекітілген	нақтылаған
		бюджетті	бюджетті
1 2 3 4	5	6	7
	I. Кірістер	5931707	9300774
1	Салық түсімдері	5767494	8975068
1	Кірістерге салынатын табыс салығы		3091728
1	Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы	2035714	1367629
2	Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы	1056014	0
1	Жеке тұлғалардан төлем көздерінен ұсталатын табыс салығы		1056014
3	Әлеуметтік салық	2672248	7036948
1	Әлеуметтік салық	2672248	7036948
5	Товарларға, жұмыстар мен қызметтерге салынатын ішкі салықтар	2818	68949

2	Акциздер	0	66323	
2	Арақ		39166	
4	Шарап		9195	
7	Сыра		14920	
8	Күшейтілген сусындар, күшейтілген шырындар мен бальзамдар			2686
23	Ойын бизнесі		360	
4	Кәсіпкерлік және кәсібі қызмет жүргізуге алымдар	2818		2626
2	Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқы үшін лицензиялық алым	2818		2696
7	Басқа да салықтар	700	500400	
1	Басқа да салықтар	700	500400	
1	Қарыздардың түсуі		500000	
9	Басқа да салықтық түсімдер	700		400
2	Салыққа жатпайтын түсімдер	126783		289418
1	Кәсіпкерлік қызмет пен меншіктен түсетін кірістер	2660		3380
2	Заңды тұлғалардан және қаржы мекемелерінен түсетін салыққа жатпайтын түсімдер	2660		3380
5	Тәркіленген, иесіз мүліктерді, мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен мүлікті, көмбелерді, олжаларды сатудан түсетін түсімдер	2660		3380
2	Әкімшілік алымдар мен төлемдер, коммерциялық емес және жолай сатудан алынатын кірістер	93285		239327
1	Әкімшілік алымдар	82685		234000
12	Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер	82685		234000
3	Басқа төлемдер және коммерциялық емес және жолай сатудан алынатын кірістер	10600		5327
1	Коммуналдық меншікті жалға беруден түсетін түсімдер	10600		5327
3	Айыппұлдар мен санкциялар бойынша түсімдер	30833		46627
1	Айыппұлдар мен санкциялар бойынша түсімдер	30833		46627
	Мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік			

	айыппұлдар мен санкциялар	21555	20543
9	Басқа да санкциялар мен айыппұлдар	91	84
10	Табиғат қорғау заңын бұзғаны үшін айыппұлдар	9187	26000
5	Салыққа жатпайтын басқа да түсімдер	5	84
1	Салыққа жатпайтын басқа да түсімдер	5	84
9	Салыққа жатпайтын басқа да түсімдер	5	84
3	Капиталмен жасалған операциялардан алынатын кірістер	37430	37430
1	Негізгі капиталды сату	37430	37430
1	Негізгі капиталды сату	37430	37430
4	Мемлекеттік мүлік объектілерін жекешелендіруден түсетін түсімдер	37430	37430
	II. Алынған ресми трансферттер (гранттар)	234921	3151232
4	Алынған ресми трансферттер (гранттар)	234921	3151232
1	Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейіндегі ұлттық органдардан	234921	3151232
2	Облыстық бюджетте трансферттер	0	3151232
10	Қарағанды облысы бюджетінен бюджеттік алулар	3151232	
4	АЭА-тардан түсетін түсімдер	234921	
	III. Өтелім	707700	1686559
5	Бюджеттен берілген кредиттерді өтеу	707700	1686559
1	Бұрын берілген кредиттерді өтеу	707700	1686559
1	Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейіндегі өтеу	707700	1686559
1	Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейіндегі өтеу	707700	1686559
	Функциялық топ	Атауы	1999
	Функция	жылдың бекітілген	жылдың нақтылаған
	Мекеме	бюджетті	бюджетті
	Бағдарлама		
	Шағын бағдарлама		
1	2	3	4
5	6	7	8
	ГҮ.ШЫҒЫСТАР	6605296	13876727
1	105	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулер	100071
1	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы	601071

	функциясын орындайтын өкілді, атқарушы органдар	77058	577058	
103	Жергілікті өкілді органдардың аппараты	7590		7590
2	Жергілікті деңгейдегі әкімшілік шығындар	7590		5090
2	Аумақтық органдардың аппараты		7590	5090
30	Депутаттық қызмет	0	2500	
0	Депутаттық қызмет		2500	
0	Жоспарлау және статистикалық қызмет			2500
105	Әкімдердің аппараты	69468	569468	
2	Жергілікті деңгейдегі әкімшілік шығындар	69468		69468
2	Аумақтық органдардың аппараты	69468		69468
59	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік ұйымдардың кредиторлық қарыздарын өтеу		500000	
5	Жоспарлау және статистикалық қызмет	23013		24013
105	Әкімдер аппараты	180	180	
51	Жергілікті деңгейде халық санағын өткізу	180		180
256	Облыстық экономика, индустрия және сауда басқармасы	22833	23833	
2	Жергілікті деңгейдегі әкімшілік шығындары	22833	23833	
2	Аумақтық органдардың аппараты	22833		23833
2	Қорғаныс	330966	344553	
1	Әскери мұқтаждықтар	9000	9000	
105	Қорғаныс министрлігі	9000	9000	
63	Жалпыға бірдей әскери міндетті орындауды қамтамасыз ету	9000	9000	
2	Төтенше жағдайлар бойынша жұмыс ұйымдастыру	321966	335553	
105	Әкімдер аппараты	321966	335553	
33	Төтенше жағдайлар жөніндегі штабтарды материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету	10014	1823	
31	Төтенше жағдайлар бойынша жұмысты ұйымдастыру		8191	
32	Жергілікті деңгейде төтенше жағдайларды жою	311952	325539	
30	Мемлекеттік өрттен қорғау қызметті (Әскери қызметшілер мен ІІО	299521		313108

	қызметкерлеріне өтемақы төлеу)		13587
31	Суда адамдарды құтқаруға байланысты шаралар	12431	12431
3	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік	261640	233284
1	Құқық қорғау қызметті	261640	233284
105	Әкімдердің аппараты	30845	0
66	Нотариалдық іс-әрекеттер жасауды ұйымдастыру		0
30	Нотариалдық кеңселер		
44	Қалалар мен елді мекендерде жол қозғалысын реттеу	30845	
251	Облыстық ішкі істер басқармасы	230795	233284
2	Жергілікті деңгейде әкімшілік шығындар	225560	212432
2	Ішкі істер органдарының қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қорғау жөніндегі аппараттары мен бөлімшелері	225560	212432
28	Жергілікті бюджеттің уақыты өткен қаржы міндеттемелерін орындау		15617
30	Жергілікті деңгейде қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	5235	4762
32	Белгілі тұрғын орны және құжаттары жоқ адамдар үшін қабылдау-бөлу мекемелері	5235	4762
28	Жергілікті бюджеттің уақыты өткен қаржы міндеттемелерін орындау		473
4	Білім беру	1059335	990918
2	Бастауыш және орта білім	437299	437249
253	Облыстық білім басқармасы	344624	344574
20	Жергілікті деңгейде жалпы білім беру	339624	339574
32	Ерекше тәртіптегі мектеп-интернаттар	68050	71914
33	Бастауыш, орталау және орта мектептер	20617	27429
34	Мектеп-интернаттар	104621	108078
35	Арнайы мектеп-интернаттар	146336	132153
32	Жергілікті деңгейде орта білім беру жүйесін ақпараттандыру	5000	5000
33	Ересек адамдарды орта біліммен қамтамасыз ету		
255	Туризм және спорт басқармасы	92675	92675
20	Жергілікті деңгейде жалпы білім беру	92675	92675

31	Спорт мектептері	92675	92675
3	Кәсіптік-техникалық білім	205694	205694
253	Білім басқармасы	205694	205694
31	Кәсіптік-техникалық білім	205694	193959
30	Кәсіптік-техникалық мектептер	205694	193959
28	Жергілікті бюджеттің уақыты өткен қаржы міндеттемелерін орындау.		11735
4	Орта арнаулы білім	377544	297480
253	Білім басқармасы	353044	277980
8	Жергілікті деңгейде орта арнаулы оқу орындарында кадрлар даярлау	353044	277980
28	Жергілікті бюджеттің уақыты өткен қаржы міндеттемелерін орындау.		50000
254	Денсаулық сақтау басқармасы	24500	19500
8	Жергілікті деңгейде орта арнаулы оқу орындарында кадрлар даярлау	24500	19500
5	Кадрларды қайта даярлау	21932	30732
251	Ішкі істер басқармасы	8349	17149
11	Жергілікті деңгейлерде кадрларды қайта даярлау	8349	17149
30	Ішкі істер органдары үшін кадрларды қайта даярлау	8349	17149
253	Білім басқармасы	13583	13583
11	Жергілікті деңгейлерде кадрларды қайта даярлау	13583	13583
6	Мемлекеттік мекемелердің кадрларын қайта даярлау	13583	13056
28	Жергілікті бюджеттің уақыты өткен қаржы міндеттемелерін орындау.		527
9	Білім беру саласындағы басқа да қызметтер	16866	19763
253	Білім басқармасы	16866	19763
2	Жергілікті деңгейдегі әкімшілік шығындар	12396	12018
30	Облыстық білім басқармасы	12396	12018
28	Жергілікті бюджеттің уақыты өткен қаржы міндеттемелерін орындау		378
34	Жергілікті деңгейде жалпы білім беруді қаржыландыруды және есептеуді жүзеге		

	асыру	4470	7367	
93	Орталықтандырылған бухгалтериялар	4470		3900
28	Жергілікті бюджеттің уақыты өткен қаржы міндеттемелерін орындау		3467	
5	Денсаулық сақтау	1882801	3801825	
1	Көп салалы ауруханалар	192450	156356	
251	Ішкі істер басқармасы	29952	28663	
31	Көп салалы ауруханалар	29952	28663	
30	Госпитальдар	29952	28663	
254	Денсаулық сақтау басқармасы	162498	127693	
31	Жергілікті деңгейдегі медициналық орталықтар	46096	45165	
30	СПИД-тің алдын алу және күресу жөніндегі облыстық орталық	46096	45165	
33	Эпидемиялармен күрес	2290	2290	
39	Жергілікті деңгейде қатерлі жұқпалы аурулардың алдын алу және күресу	81638	80238	
30	Облыстық, қалалық санитарлық-эпидемиялық станциялар	81638	80238	
2	Емханалар және дәрігерлердің, стоматологтардың және орта медицина қызметкерлерінің қызметі		32474	
262	Медициналық қызметтерді төлеу жөніндегі орталықтың бөлімшелері		32474	
30	Жергілікті деңгейде қан (оның орнын басушылардың) қорын дайындау	30253	30253	
31	Салауатты өмір салтын насихаттау	2221	2221	
3	Мамандандырылған медициналық жәрдем	486487	501952	
254	Денсаулық сақтау басқармасы	486487	501952	
30	Жергілікті деңгейде мамандандырылған медициналық көмек	279304	275166	
30	Облыстық клиникалық психоневрологиялық ауруханалар	145979	143191	
31	Инфекциялық ауруханалар	133325	131975	
32	Жергілікті деңгейде орындалатын "Туберкулез" бағдарламасы	207183	204686	
30	Туберкулез ауруханалары	162548	160712	
32	Туберкулез санаторийлері	44635	43974	
40	ҰОС ардагерлері мен мүгедектері			

	үшін ауруханалар мен емханалар	22100	
5	Медициналық жәрдемнің басқа түрлері	1194867	3086757
262	Денсаулық сақтау басқармасы	1194867	2969267
32	Қор ұстау үлгісі бойынша алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем көрсету	197151	416983
28	Жергілікті бюджеттің уақыты өткен қаржы міндеттемелерін орындау	73920	
33	Жергілікті деңгейде халыққа медициналық көмектің кепілдік көлемін көрсету	882190	2306577
28	Жергілікті бюджеттің уақыты өткен қаржы міндеттемелерін орындау	171787	
254	Денсаулық сақтау басқармасы		117490
37	Жедел жәрдем көрсету	93957	93957
38	Облыста халық денсаулығын сақтау жөніндегі басқа қызметтер	21569	22133
30	Республика ішінде емделуге жіберілетін аурулардың жүріп тұруын өтеу	8681	8646
31	Азаматтардың жекелеген категорияларын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету	7988	7988
32	Азаматтардың жекелеген категорияларын балалар тағамының арнайы өнімдерімен қамтамасыз ету	400	400
33	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	4500	5099
254	Денсаулық сақтау басқармасы		1400
42	Есепті қызметтермен қамтамасыз ету		1400
93	Орталықтандырылған бухгалтериялар		1400
9	Денсаулық сақтау саласындағы басқа да қызметтер	8997	24286
254	Денсаулық сақтау басқармасы	8997	24286
2	Жергілікті деңгейдегі әкімшілік шығындар	8997	8997
3	Облыстық басқармалардың аппараты	8997	8997
28	Жергілікті бюджеттің уақыты өткен қаржы міндеттемелерін орындау		15289
6	Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	863514	847713
1	Әлеуметтік көмек	408783	435050
258	Еңбек, жұмыспен қамту және		

	әлеуметтік қорғау басқармасы	408783	435050
31	Тұрмысы төмен азаматтарға (отбасыларына) әлеуметтік көмек көрсету	300000	424933
31	Тұрмысы төмен азаматтарға (отбасыларына) тұрғын үй көмегі	300000	424933
35	Газ бойынша әлеуметтік көмек көрсету		
36	Қатты отын бойынша әлеуметтік көмек көрсету	108783	10117
2	Әлеуметтік қамсыздандыру	417063	360515
253	Білім басқармасы	70408	67485
6	Балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	70408	67485
30	Балалар үйлері	70408	67485
254	Денсаулық сақтау басқармасы	68168	65681
6	Балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	68168	65681
30	Сәбилер үйлері	68168	65681
258	Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы	278487	227273
30	Жұмыспен қамту бағдарламасы (қоғамдық жұмыстар, кәсіби даярлық және жұмыссыздарды қайыра даярлау, жұмыссыздарға еңбекке орналастыру жөнінде әлеуметтік көмек көрсету)	100000	
32	Жергілікті деңгейде интернат үлгісіндегі мекемелер арқылы көрсетілетін әлеуметтік қамсыздандыру	166413	227273
30	Жас мүгедектер үшін интернат үйлері және психоневрологиялық интернат-үйлері	142006	184418
31	Қарттар мен жалпы мүгедектер үшін интернат-үйлері	24407	42855
34	Мүгедектерді оқыту және еңбекке орналастыру	1380	
51	Қозғалудың арнайы құралдарымен қамтамасыз ету оларға техникалық қызмет көрсету	10694	
253	Білім басқармасы		76
27	Отын сатып алуға бір мезгілдік ақшалай төлем	76	
99	Селолық жерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдардың мамандары		76
9	Әлеуметтік көмек пен әлеуметтік		

	қамсыздандыру саласындағы басқа да қызметтер	37668	52148
258	Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы	37668	52148
2	Жергілікті деңгейде әкімшілік шығындар	29775	29775
30	Еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік қамсыздандырудың жергілікті органдары	29775	29775
33	Жергілікті деңгейдегі медициналық-әлеуметтік сараптау	7893	7893
30	Облыстық, қалалық және аудандық медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиялары	7893	7893
28	Жергілікті бюджеттің уақыты өткен қаржы міндеттемелерін орындау		14480
7	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	50056	66914
1	Тұрғын үй шаруашылығы	10000	26858
105	Әкімдер аппараты	10000	26858
42	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	0	16858
30	Коммуналдық шаруашылықтың жалпы дамуын ұйымдастыру	0	16858
43	Тұрғын үй шаруашылығы	10000	10000
30	Халықтың тұрғын үйге аса мұқтаждарын қамтамасыз ету	10000	10000
2	Коммуналдық шаруашылық		0
105	Әкімдер аппараты		0
42	Коммуналдық шаруашылықты дамыту		0
30	Коммуналдық шаруашылықтың жалпы дамуын ұйымдастыру		
3	Сумен жабдықтау	40056	40056
105	Әкімдер аппараты	40056	40056
40	Ауыз сумен жабдықтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	40056	40056
8	Мәдениет, спорт және ақпараттық кеңістік	304053	308553
1	Мәдениет саласындағы қызмет	206658	207663
252	Мәдениет басқармасы	172834	173839
2	Жергілікті деңгейде әкімшілік шығындар	6809	6809
3	Облыстық басқармалардың аппараты	6809	6809
30	Жергілікті деңгейде мәдениет саласын		

	қаржыландыруда және шараларды есепке алу	2787	2787
93	Орталықтандырылған бухгалтериялар	2787	2787
35	Жергілікті деңгейде халықтың мәдени демалысын қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдарды қаржыландыру	15487	15422
28	Жергілікті бюджеттің уақыты өткен қаржы міндеттемелерін орындау		2452
36	Жергілікті деңгейде театр-ойын шараларын өткізу	122507	122424
38	Жергілікті деңгейде ойын-сауық шараларын өткізу	3350	3350
39	Жергілікті деңгейде тарихи-мәдени құндылықтарды қорғау	21894	20595
253	Білім басқармасы	33824	33824
35	Жергілікті деңгейде балалармен мәдени және спорт шараларын өткізуді қаржыландыру	33824	33824
2	Спорт	14714	14714
255	Туризм және спорт басқармасы	14714	14714
2	Жергілікті деңгейде әкімшілік шығындар	8714	8714
3	Облыстық басқармалардың аппараты	8714	8714
30	Жергілікті деңгейде спорт шараларын өткізу	6000	6000
3	Ақпараттық кеңістік	82681	86176
105	Әкімдердің аппараты	26560	31060
46	Жергілікті деңгейде газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу	26560	26560
47	Жергілікті деңгейде телерадиохабарлары арқылы мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу	0	4500
252	Мәдениет басқармасы	41320	40315
34	Жергілікті деңгейде ақпараттың баршаға бірдей болуын қамтамасыз ету	41320	40315
30	Кітапханалар	41320	40315
261	Мұрағат қорының бөлімі	14801	14801
30	Жергілікті деңгейде мұрағат қорының, баспа өнімдерінің сақталуын қамтамасыз		

	ету және оларды арнайы пайдалану	14801	14801
30	Облыстық және қалалық мұрағаттар	14801	14801
10	Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және айналадағы ортаны қорғау	64288	64288
5	Қоршаған ортаны қорғау	55000	55000
105	Әкімдердің аппараты	55000	55000
34	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғауды ұйымдастыру	55000	55000
9	Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы мен айналадағы ортаны қорғаудағы басқа да қызметтер	9288	9288
257	Ауыл шаруашылығы басқармасы	9288	9288
2	Жергілікті деңгейдегі әкімшілік шығындары	9288	9288
3	Басқармалардың аппараты	9288	9288
11	Өнеркәсіп, құрылыс және жер қойнауын пайдалану	16858	0
2	Құрылыс	16858	0
257	Құрылыс, архитектура, тұрғын үй және құрылыс салу басқармасы	16858	0
31	Жергілікті деңгейде жобалау-іздістіру, конструкторлық және технологиялық жұмыстар	16858	
12	Көлік және байланыс	236715	270151
1	Автомобиль көлігі	236715	270151
259	Абаттандыру басқармасы	0	0
39	Қала жолдарының қызметін қамтамасыз ету		0
105	Жергілікті деңгейде автомобиль жолдарын басқару	236715	270151
50	Жергілікті деңгейде жол жүйесін пайдалану	236715	270151
12	Автомобиль жолдарын қамтамасыз ету	236715	270151
13	Экономикалық іс-әрекетке байланысты басқа да қызметтер	100000	618561
9	Басқалар	100000	618561
105	Әкімдердің аппараты	100000	618561
52	Жергілікті атқарушы органдардың резервтік қоры	100000	118561
81	Бюджеттердің басқа деңгейлерін кредиттеу	0	500000

14	Қарызға қызмет көрсету	19667	19667	
1	Қарызға қызмет көрсету	19667	19667	
105	Әкімдердің аппараты	19667	19667	
53	Жергілікті атқарушы органдардың қарызына қызмет көрсету	19667	19667	
11	Заемдар бойынша сыйақыларды (мүдделерді) төлеу	19667	19667	
15	Ресми трансферттер	1315332	5709229	
1	Ресми трансферттер	1315332	5709229	
105	Әкімдердің аппараты	1315332	5709229	
54	Облыстық бюджеттен трансферттер	1315332	1324914	
119	Қарағанды облысының әкімі			
26	Облыстық бюджеттен республикалық бюджетке трансферттер		4384315	
	V. Кредиттеу	0	0	
	VI. Бюджеттің дефициті (профициті)	0	0	
	ҮІІ. Қаржыландыру	269032	261838	
16	Қаржыландыру	269032	261838	
1	Негізгі қарызды өтеу	269032	261838	
105	Әкімдердің аппараты	269032	261838	
55	Жергілікті атқарушы органдардың қарызын өтеу	269032	150875	
55	Қалалар мен аудандардың қарызын өтеу	118157	110963	